

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, өзбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 55 (7015)

Сейсенбі 20 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы,
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА**
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері немістердің қоршауға алынған гарнизонының қарсылығын жеңіп, бүгін, 18 мартта, Балтық теңізіндегі КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алды.

КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ПОПЛАВСКИЙДІң басқаруындағы 1-Поляк армиясының, генерал-майор КАРАКОЗДЫң, генерал-майор СТРАЖЕВСКИЙДІң, полковник ЗАЙКОВСКИЙДІң, генерал-майор КЕНЕВИЧТИң, полковник ШЕЙПАКТИң, полковник МЕШКОВТИң, подполковник ВИШНЕВСКИЙДІң әскерлері; артиллерия генерал-майоры МОДЗЕЛЕВСКИЙДІң, полковник ВИКЕНТЬЕВТИң, полковник СКОКОВСКИЙДІң, артиллерия генерал-майоры КЕРПТИң, полковник ДОБАНОВТИң, майор ПОПОВИЧТИң, полковник ПРОКОПОВИЧТИң артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-майоры НИКУЛИНИң, подполковник МОЛОНАНОВТИң танкшілері; полковник РОМЕЙКОНЫң ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры БОРДЗИЛОВСКИЙДІң, полковник ЛЮБАНСКИЙДІң, подполковник КРЕЧКОНЫң, майор ТИТОВТИң саперлері; полковник СУЧЕНТИң байланысшылары нөзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алу ұрыстарында өте-өте нөзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 18 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зенбіріктен еңкіі күркін артиллерия оғын атып, КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алған 1-БЕЛОРУС майданының айыңды әскерлеріне, оның ішінде генерал-лейтенант ПОПЛАВСКИЙДІң басқаруындағы 1-Поляк армиясына Отанымыз атынан хұрмет нөрсетеді.

КОЛЬБЕРГТІ алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 18 март.

№ 302.

Чехословакия республикасының президенті Эд. Бенеш мырза мен Чехословакия республикасының бас-министрі Ян Шрамен мырзаның Москваға келуі

Лондоннан Чехословакияға бара жатқан бетінде Чехословакия республикасының президенті доктор Эдуард Бенеш жамағатымен бірге 17 мартта Москваға келді. Президентпен бірге Чехословакияның бас-министрі Ян Шрамен мырза, сыртқы Істер министрі Ян Мәсарик мырза, Чехословакия республикасының Москвадағы елшісі Эд. Фирлянгер мырза, сол сияқты Чехословакияның түрлі саяси партияларының өкілдері келді. Президентпен бірге Бакуден СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариаты протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков және СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық бөлімі меңгерушісінің көмекшісі А. Н. Абрамов еріп келді.

Орталық аэродромда Эд. Бенеш мырзаны және оған еріп келген адамдарды СССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары және СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов, Сыртқы Істер Халық Комиссариатының орынбасары А. Я. Вышинский, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. Ф. Горкин, генерал-полковник Ф. И. Голиков, СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариаты 4-Европалық бөлімінің меңгерушісі В. А. Зорин. Москва

қалалық Советінің атқару комитеті Председателінің орынбасары М. А. Яснов, Москва қаласының коменданты генерал-лейтенант К. Р. Синилов, Отан Қорғау Халық Комиссариатының Сыртқы қарым-қатынас бөлімінің бастығы генерал-майор М. Н. Кутузов, СССР Сыртқы Істер Халық Комиссариатының протокол бөлімі меңгерушісінің орынбасары Г. П. Помиш, Чехословакия Ұлттық Советінің доктор В. Шробар басқарған делегациясы, 1-Чехословакия корпусының қолбасшысы генерал Л. Свобода, Прага Парламентінің мүшесі К. Готвальд, профессор Эд. Неедлы, Чехословакия елшілігі мен соғыс миссиясының дипломатиялық қызметкерлері және басқа адамдар қарсы алды.

Аэродромда сол сияқты Ұлы Британия елшісі А. К. Керр мырза, Америка Құрама Штаттарының елшісі В. Гарриман мырза, Югославия елшісі С. Симич мырза, Канада елшісі Д. Уилгресс мырза болды.

Қарсы алу кезінде хұрметті қарауыл саңқа тұрып, Чехословакия мен Советтер Одағының мемлекеттік күйлері орындалды. Аэродром Чехословакия және Совет жалауларымен безелді.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері немістердің қоршауға алынған гарнизонының қарсылығын жеңіп, 18 мартта Балтық теңізіндегі КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алды.

Жеңімпаз Қызыл Армияның даңқы арта берсін!

Совет Хабаршы бюросынан 17 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 мартта КЕНИГСБЕРГТІң оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, БРАНДЕНБУРГ, ПОПЛИТТЕН, ПЕРШКЕН, ЛЕГНИТЕН, ПРАСЕН, ПАННИЦ, БОРНИКАМ, ФОРДЕР-ФРОЙДШЕНТАЛЬ, ДОМЧ-ТИРАУ, ВИЛЬСХЕФЕН қыстақтарын алды. 16 мартта бұл ауданда немістердің 700ден аса солдатты мен офицері қолға түсірілді.

ШТЕТТИН бағытында әскерлеріміз немістердің ОДЕРДІң шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шебі жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, АЛЬТХОФЕН, БЕРГЛЯНД, ВИЛЬХЕЛЬМСФЕЛЬДЕ, ФРАУЕНХОФ, РЕТЦОВСФЕЛЬДЕ, ФЕРДИНАНДШТАЙН қыстақтарын алды. 15 және 16 марттағы ұрыстарда 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері немістердің 2000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде немістердің 402-жану әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Швейниц бар.

БРЕСЛАУ ауданында қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

16 мартта барлық майдандарда немістердің 113 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 65 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ЧЕХОСЛОВАКИЯДАҒЫ МОРАВСКА ОСТРАВА ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНА ШАБУҒЫ

17 мартқа қараған түнде ауыр бомбаның бомбалық дүңгесінде темір жол торбыларымыз Чехословакиядағы Моравска Остраваның жерінде өрттер шығып, күшті взрыв-трава темір жол торабына соқты берді. тар болды.

18 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

18 мартта КЕНИГСБЕРГТІң оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп қоршау шеңберін қысқартып отырып, 40тан аса елді жерлерді оның ішінде КОРШЕНРУ, ПАТЕРСКОТ, ЛЮДВИГСОРТ, ШВАНИС, РИППЕН, ЛАУЖИТЕН, ПРЕЙСНИЦ, ТИРАУЛЕНХЕФЕН, МАЛЕНДОРФ, РЕФЕЛЬД, ГРИОНЕНФЕЛЬД қыстақтарын алды.

17 марттағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 800ден аса солдатты мен офицері қолға түсірілді.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері немістердің қоршауға алынған гарнизонының қарсылығын жеңіп, 18 мартта, Балтық теңізіндегі КОЛЬБЕРГ қаласы мен портын алды.

Чехословакияда, ЗВОЛЕННИң батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ОСТРА ЛУЖА, ШАНКОВСКОЕ, ПОДГРОДЬЕ, ГОРНЕ ОПАТОВЦЕ, ГЛИННИК, НАГРОН, ВИГНЕ қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

17 мартта барлық майдандарда немістердің 136 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 26 самолеті атып түсірілді.

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз қоршауға алынған дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын шығыс және оңтүстік жақта қысқартып алуға болды. Немістер күшті бекінген елді жерлерге, биіктер мен су шеңберіне сүйеніп, өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Алайда әскерлеріміздің жауға қарсы соққы беруі нәтижесінде дұшпанның алып тұрған жерінің көлемі барған сайын қысқара түсуде. Гитлершілдер жағалаудағы тар алқапқа тықсырылды. Кеше немістердің Бранденбург маңында тіректі бекінісін алған әскерлеріміз түнгі ұрыстар нәтижесінде Фришнинг өзенінің төменгі шеңберін сол жақ жағалауын дұшпандан тазартты. Бүгін таңертең гитлершілдер темір жол станциясы және тас жолдардың торабын Модвингсорт іргелеріне оңтүстік-шығыс жақтан қамал болған орманды алқаптан тартып шығарылды. Бұдан соң жау әскерлеріміз қауырт шабуыл жасап, Модвингсорт қыстағын алды. Мұнымен қатар, Фриш-Гаф қолтығының жағалауы бойымен шабуыл жасаушы совет бөлімдері 4 километр алға басқанды жағалаудағы бірнеше қыстақтарды алды. Браунсберг қаласының оңтүстік-шығыс жағында Кенигсберг—Эльбинг автомобиль жолы бойында кескілескен ұрыстар болды. Немістер бұл учаскеде көптеген атыс бекіністері бар қарауыл алабын алды, әскерлеріміз жаудың шеңберіне артиллериядан нөсерлете оқ атып немістердің қорғану шебі бұзып өтіп, Браунсберг қаласының оңтүстік-шығыс жағында 8 километр жердегі Грюненфельд қыстағын алды. Бір күнгі ұрыстарда немістердің 3 мыңнан аса солдатты мен офицері, 19 танкі, 39 дала зенбірегі және дұшпанның 170 пулеметі жойылды. Жаудан олжа, оның ішінде 11 танкі, 4 бронетранспортер, 16 зенбірек және оқ-дәрі қойған 3 склад қолға түсірілді.

Жаудан қолға түсірілген адамдар неміс

әскерлерінің орасан көп шығынға ұшырап отырғандығын айтты. Мәселен, 432-полктың 7-ротасы үш күнгі ұрыстарда 68 әскерлерінің 80 процентінен айрылды. Немістердің 50-жану әскер дивизиясының қалдықтарын жыйнастыра келгенде бір полкке қолдай қалған. Шабуылды зенбірекшілердің 302-бригадасы барлық қару-жарағынан түгел айрылып, қазіргі күнде жау әскер батальоны ретінде қыймыл жасап жүр.

СС «Улы Германия» танкі дивизиясының гренадер полкі соңғы ұрыстарда толық жойылды.

1-Белорус майданының әскерлері бүгін Кольберг қаласын алды. Балтық теңізіндегі бұл қала мен портты Померанияда талқандалған неміс дивизияларының қалдықтарымен күшейтілген жаудың ірі гарнизоны қорғап тұрды. Дұшпан қарсысы қарсылық көрсетіп, Кольбергтен әскерлерін, қару-жарақтарын мен соғыс жабдықтарын теңіз арқылы алып кету үшін уақыт жағынан ұтуға тырысты. Әскерлеріміз шеберлікпен қыймыл жасап, немістердің бұл нүктені іске асырмай тастады. Совет бөлімдері жауға қауырт соққы беріп, Перзанте өзені бойындағы қадарын батыс жақ бөлегін алды. Сөйтіп портқа артиллериядан оқ ата бастады. Дұшпанның портқа қарай өтуге тырысқан бірнеше кемелері суға батырылды. Ұрыстар қаланың шығыс жақ бөлегіне ауысты. Кеше әскерлеріміз темір жолдың оңтүстік жағында Кольбергтің көшелерін гитлершілдерден тазартты. Бұдан соң шеңбері тіке шабуыл жасалды. Поляк әскерлерімен бірлесіп қыймыл жасаушы майдан әскерлері кескілескен қысқа ұрыстарынан кейін, неміс гарнизонының қарсылығын жеңіп, Кольберг қаласы мен портын толық алды. Қаланың көшелерінде жаудың мыңдаған едітері қалды. Жаудың көп олжа және адамдар қолға түсірілді.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Немшіліктер қатты сынға алынды

Жақын арада Приешім ауданындағы Бексейт колхозы бастауыш партия ұйымының жыйылысы болып өтті. Жыйылыста көктемгі егіске әзірліктің бары және түпкірдегі пункттен астық тасу жөнінде колхоз председатели Әубәкіров жолдама баяндама жасады.

—Біздің колхоз.—деді баяндамашы.—К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының «1944 ауыл шаруашылық жылының қорытындылары және республиканың колхоздары мен совхоздарында 1945 жылы көктемгі егісті өткізуге әзірлік шаралары туралы» қаулысын орындау жөнінде өсірілетін жұмыстар істеді. Өткен жылғымен салыстырғанда дәнді егістер мен техникалық егістердің көлемі неғұрлым арттырылды. Көктемгі егіске керекті тұқым толық күйге келді, оның шығындылығы төмендеді, егістік сапаға жеткізілді. Ауыл шаруашылық машина-саямандары комиссияның қарауында өткізілді. Бұл егіс егілетін тың және тыңайтылған жер іріктеліп алынды.

Алайда жұмыстың кейбір саласы айтарлықтай емес. Колхозда түпкірдегі пункттен астық тасу ісі әлі аяқталған жоқ. Бұл жөнінде мүмкіншіліктер толық пайдаланылмады. Міне, соның салдарынан темір жол станциясы қасындағы астық қабылдау пунктіне 292 центнер астық жеткізілмей отыр.

Бұдан әрі Әубәкіров жолдас колхозшыларды көктемгі егіске үлгілі әзірленуге жұмылдыра білу және коммунистер мен комсомол мүшелерінің еңбек майданында егіс үлгісін көрсетіп, үгіт-нәсихат жұмыстарының табысты түрде жүргізілуі жөніндегі міндеттерге тоқталды. Мұнымен қатар, үгітшілер тобының әлі де болса жұртшылық талабына сай жұмыс істей алмай отырғандығын, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың уақыты тиімді пайдаланылмайтынын айтты.

Баяндама бойынша бастауыш комсомол ұйымының секретарі Касенов, мол өнімші зеносының бастығы Егісбаев, үгітшілер тобының жетекшісі Омарова жолдастар сөз сөйледі. Олар көктемгі егіске әзірлікке қандай жұмыстар істелгенін айта келіп, түпкірдегі пункттерден астық тасу жұмысының мүлде қанағаттанғысыз екен

дігін, жөндемін біткен ауыл шаруашылық машина-саямандарының колхозшыларға әлі күнге дейін толық бекітіліп берілмегенін, кейбір жері әбзелдерінің күш көліктеріне ылайықтап жасалмағандығын айтты.

—К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы,—деді Егісбаев жолдас,—жұмыс көлігі бантан күтуге және оны егіс жұмыстарына әзірлеуге ерекше назар аударды. Бірақ, бізде бұл сияқты аса маңызды іске жете көңіл бөлінбей келеді. Әсіресе, аттар мен өгіздерді күту және оларды пайдалану жөніндегі негіздікке әлі тыйым салынбай келеді. Жұмыс-малы тәжірибелі колхозшылар мен колхозшы әйелдерге бекітіліп берілген жоқ. Міне, соның салдарынан жұмыс көліктерінің қоны өте төмен болып отыр. Ал, Әубәкіров жолдас өз сөзінде бұл сияқты елеулі кемшіліктерге тіпті тоқталмады.

Бұдан соң Касенов жолдас сөз сөйледі. Ол комсомол мүшелері мен жастардан кадр тәрбиелен өсіру ісінің айтарлықтай емес екендігін айтты. Мұнымен бірге, ол быйылғы жылы да комсомол-жастардан мол өнімшілер зеносының ұйымдастырылмай отырғандығын ыспаттайтын мысалдар келтірді.

Жыйылыста аудандық партия комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі Башкина жолдас сөз сөйлеп, партия ұйымы мен колхоз басшыларының түпкірдегі пункттен астық тасу ісіне жеткілікті көңіл бөлмегендігін, бұл олқылықтарды жоюға кейбір коммунистер мен комсомол мүшелерінің білек сыбана кіріспей пайқалумен отырғандығын айтты. Мұнымен қатар, партия ұйымының үгітшілер тобына нақтылы көмек көрсетпегендігін, таңдаулы колхозшылардың іс тәжірибесі жұртшылықтың игілігіне айналдырылмайтындығын қатты сынады.

Жыйылыста істегі кемшіліктерді дереу жойып, колхозшылар арасында республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты кең өрістетуге жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қаулы қабылданды.

Ғ. ӘУБӘКІРОВ.

ТАҢДАУЛЫ КОЛХОЗШЫЛАР ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ

Преснов ауданының «Сарман» колхозы жанындағы бастауыш партия ұйымы өзінің есеп беру сайлау жыйылысынан кейін партия мүшелігіне кандидаттыққа Қ. Жұсыпова жолдасты, ал «Тау ағаш» колхозы жанындағы бастауыш партия ұйымы С. Шоқаев, Ж. Тастанов жолдастарды қабылдады. Бұлар колхоз өндірісінде тынбастан жұмыс істеп, еңбек өнімін арттырудың тамаша үлгісін көрсеткен алдыңғы қатарлы колхозшылар. Мәселен, Жұсыпова жолдас өткен жылы өз колхозындағы мол өнімшілер зеносын басқарды. Ол, өз қарамағындағы зено мүшелерін егіннен мол өнім алу ісіне жұмылдыра отырып, тың жер мен тыңай-

тылған жерге егін егу жоспарын артығымен орындады. Сөйтіп, салынған егіннің әр гектарынан 8-9 центнерден өнім алды. Партия ұйымы мен колхоз басқармасы Жұсыпова жолдас еңбегін бағалап, ақша және заттай сыйлықтар берді.

Сол сияқты, партия қатарына жаңа да қабылданған Шоқаев және Тастанов жолдастар көктемгі егіске әзірлену ісінде бірнеше көрнекті жұмыстар істеді. Қазір, бұл партия ұйымдарында партия қатарына жаңадан қабылданған жас коммунистер үшін партияның устав және программасын үйрету үйірмесі ұйымдастырылды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Колхоз қызметкерлерінің оқуы

Приешім ауданының орталығында колхоз председателдерінің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасарлары мен егін бригадалары бригадирлерінің 8 күндік оқуы болып өтті. Оқуға 46 адам қатысты.

Оқуға келгендерге аудандық партия, совет ұйымдарының және жер орнының

басшы қызметкерлері 1945 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындау шаралары, еңбек тәртібін нығайту және колхозшылардың еңбеккүндерін дұрыс есептеу, мұнымен бірге, ауыл шаруашылық уставын жүзеге асыру мәселелері туралы лекциялар оқыды.

Т. БИМЕНДИН.

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

Облыстардың, өлкелер мен республикалардың 1944 жылы егіннен мол өнім алу және колхоз мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысының қорытындылары туралы

Облыстардың, өлкелер мен республикалардың 1944 жылы егіннен мол өнім алу және колхоз мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысының қорытындыларын қарап, ССРО Одағының Халық Комиссарлары Советі барлық шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындағаны, мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру және МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаны, колхоз мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындап, туліктің барлық түрінен мал санын көбейткені және мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындағаны үшін мына облыстарды, өлкелер мен республикаларды 1944 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша социалистік жарыста озып шықты деп танып, қаулы етті.

ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ЖӨНІНДЕ

1. Мына облыстар мен республикаларға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылып, Москва, Киев облыстарына, Украин ССРіне ақшадай бірінші сыйлық, Калинин, Украин ССРінің Полтава облыстарына, Ленинград облысына ақшадай екінші сыйлық берілсін.

2. Барлық ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындау және мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жө-

ніндегі міндеттемелерді орындау жөнінде: Белорус ССРінің, Азербайжан ССРінің, Армян ССРінің, Грузин ССРінің, Қырғыз АССРінің, Якут АССРінің, Краснодар өлкесінің, Украин ССРінің Днепропетровскі, Сталий, Чернигов облыстарының, Ростов, Брянскі, Иванов, Ярославль, Новгород, Киров, Вологда, Псков, Архангельскі облыстарының, Түркмен ССРінің Марын облысы, Қазақ ССРінің Қарағанды облысының ойдағыдай жұмыс істегендігі атап көрсетіледі.

КОЛХОЗ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ЖӨНІНДЕ

1. Мына облыстар мен республикаларға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылып, Москва облысына, Қазақ ССРінің Гурьев облысына ақшадай бірінші сыйлық, Дағыстан АССРіне, Азербайжан ССРіне, Қазақ ССРінің Қарағанды облысына ақшадай екінші сыйлық берілсін.

2. Колхоз мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындау, туліктің барлық түрінен мал санын арттыру және мал шаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелерді орындау жөнінде Түркмен ССРінің, Тәжік ССРінің, Армян ССРінің, Украин ССРінің Киев, Полтава, Сталин, Ворошиловград облыстарының ойдағыдай жұмыс істегендігі атап көрсетіледі.

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

Аудандардың 1944 жылы егіннен мол өнім алу және колхоз мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысының қорытындылары туралы

Аудандардың 1944 жылы егіннен мол өнім алу және колхоз мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысының қорытындыларын қарап, барлық ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспарын орындағаны, мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру және МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаны, колхоз мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындағаны, туліктің барлық түрінен мал санын көбейткені және мемлекетке міндетті түрде мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерді орындағаны үшін 1944 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша мына аудандарды социалистік жарыста озып шықты деп танып, қаулы етті:

ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ЖӨНІНДЕ

1. Мына аудандарға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылып, ақшадай сыйлықтар берілсін:

Ростов облысының Сальскі ауданына, Горький облысының Богородскі ауданына, Калинин облысының Краснохолм ауданына, Москва облысының Коммунист ауданына, Чуваш АССРінің Вурнарскі ауданына, Новгород облысының Бровичи ауданына, Саратов облысының Маркс ауданына, Қазақ ССРінің Осокаров ауданы

на, Өзбек ССРінің Избаскент ауданына, Түркмен ССРінің Марын ауданына, Азербайжан ССРінің Балягин ауданына, Грузин ССРінің Гори ауданына, Украин ССРінің Шполянскі ауданына, Украин ССРінің Пятихатскі ауданына, Украин ССРінің Ирклевскі ауданына.

КОЛХОЗ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ЖӨНІНДЕ

1. Мына аудандарға Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылып, ақшадай сыйлықтар берілсін:

Москва облысының Кунцевскі ауданына, Қазақ ССРінің Новобогат ауданына, Дағыстан АССРінің Дакскі ауданына, Украин ССРінің Селидовскі ауданына, Украин ССРінің Васильковскі ауданына, Тәжік ССРінің Шахристан ауданына, Тула облысының Алексин ауданына, Астрахань облысының Марфинскі ауданына, Армян ССРінің Степанаван ауданына, Калинин облысының Бежетскі ауданына, Грузин ССРінің Шинелцкаройскі ауданына, Архангель облысының Холмогор ауданына, Түркмен ССРінің Дарғанатын ауданына, Қырғыз ССРінің Тоғыз торап ауданына, Азербайжан ССРінің Мартушскі ауданына.

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ МҮЛТІКСІЗ ӘЗІРЛЕНЕЙІК!

Көлікті қамшымен айдама, жеммен айда

(Халық мақалы)

Күш көлігінің қоңы шұғыл жақсартылсын

Ленин ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарында көктемгі егіске жұмыс малдарын әзірлеу жұмысының барысы ойдағыдай болып отыр. Мәселен, «1 май» колхозында (председателі Демиденко жолдас) 45 жұмыс аты мен 36 өгіз күтімге қойылды. Бұлардың қоңы қазір ортадан жоғары күйге жетті.

Жұмыс малдарын көктемге әзірлеуде үздік келе жатқандардың бірі—«Советский» колхозы. Мұнда көлік күту жұмысы М. Рожкова және М. Бириченко жолдастарға тапсырылды. Бұлар өздерінің қарауындағы 94 өгізді ұқыптылықпен күтуде. Атшы Н. Моргунов жолдас 46 ат күтіп, колхоз өндірісінде аяпбай жұмыс істеудің тамаша үлгісін көрсетуде. Жұмыс малдарының жайы Сталин атындағы, «Красный сибиряк» және «Проводник» колхоздарында да ойдағыдай.

Бірақ ауданының бірсыпыра колхоздарында жұмыс малдарын көктемге әзірлеу жұмысы ойсыраған оқиғалыққа ұшырап отыр. Демек, «Мир» колхозында (председателі Билль жолдас) 27 жұмыс атының 9 арық, ал қалған 10 ат жұмысқа мүлде жарамайды. Өгіздердің жайы да осы халде. «Қараган» колхозында (председателі Тоқтыбаев жолдас) істің жайы бұдан да нашар. Мұнда 62 өгіз жұмысқа жарамайтын бола тұрса да, олар күтімге қойылмаған.

Буденный атындағы колхоздың басшылары (председателі Паленко жолдас) жұмыс малдарын пайдалану және күтімге қоюда несіздікке жол берді. Осы сыяқты Жамбыл атындағы және «Песра» колхоздарында да жұмыс малдарын көктемге әзірлеу ісі ескерусіз қалды. Бұл колхоздарда көліктердің басым көпшілігі күтімнің нашарлығынан қотырға айналды.

Жұмыс малдарын көктемгі егіске әзірлеу ісіне бұл сыяқты жауапсыз қараушылыққа бұдан әрі төзуге тіпті болмайды. Сондықтан талудағы күндерде жұмыс малдарын пайдалану және күту ісіндегі несіздіктерді жою болу керек.

А. БУГАЕВ.

Совхоз жастарының жауабы

Преснов ауданындағы Буденный совхозының жас жұмысшылары Киров атындағы совхоз жұмысшыларының мамандары мен қызметкерлерінің республикамыздың совхоздарының барлық қызметкерлеріне арнаған үндеуін зор өрлеумен қарсы алып, кировшілердің үлгісі бойынша, республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа ұштасты. Жастар жарыстың алғашқы күндерінің өзінде міндеттемелерін іс жүзінде орындауда.

Комсомол мүшесі А. Тукалов, Е. Сурнин және Нахимова жолдастар ауыл шаруашылығының тіркеу саймандарын жөндеуде ерекше көзге түсті. Олар 12 пішен-машинасын және 6 трактор моторын сапалы жөндеді. Совхоз басшылары жастардың бұл еңбегін ерекше бағалап, марға бағалы сыйлықтар тапсырды.

—Кировшілер егіннен мол өнім алу және мал шаруашылығын өркендету үшін республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысты өрістетуіне шақырып, саяси-шаруашылық маңызы орасан зор бастамаға жаршы болды. Біз бұл бастаманы шын ықыласпен қолдап, мерекеге лайықты тартулар әзірлейтін боламыз,—дейді совхоз жастары.

О. ЖӘНӘБІЛ.

Жұмыс малдарын көктемге тыңғылықты әзірлейік

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен РК(б)П Орталық Комитеті «1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспары туралы» қаулысында жұмыс малдарына ерекше назар аударды. Көктемгі ауыл шаруашылық жұмыстарында жұмыс малдарының атқаратын ролін атап көрсетіп, жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдарынан, жер орындары мен колхоз басшыларынан егіске жұмыс малдарын әзірлеу жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруды талап етті.

Осы қауым негізінде және алматылықтардың үндеуіне іспен жауап беріп, облысымыздағы бірталай колхоздардың колхозшылары егіс жұмыстарына көлік күшін әзірлеу жұмысын үлгілі ұйымдастырды. Мәселен, Мамлют ауданының колхоздарында барлық жұмыс малдары күтімге қойылып, олардың мезгілінде жемделіп, суарылуына ерекше назар аударылуда. Жұмыс аттары мен өгіздер егін бригадаларына, ал бригадала жеке колхозшыларға бекітілді. Осының нәтижесінде мұнда қазір жұмыс малдарының қоңы ойдағыдай болып отыр.

Көктемгі егіс жұмыстарына жұмыс малдарын әзірлеу ісі Полудень ауданындағы «Қызыл ту» колхозында (председателі Шеймерденов жолдас) үлгілі ұйымдастырылды. Мұнда қысқы ауыл шаруашылық жұмыстары мезгілінен бұрын аяқталуға жұмыс отыр. Сондықтан да мұнда көліктердің басым көпшілігі жұмыстан босатылып, күтімге қойылды, жегу өбзелдерін жөндеу жұмысы пәрменінше жүргізілді. Көктемгі егіс жұмыстары маусымына арнап әрбір жұмыс малы үшін қажетті мөлшерде құнарлы мал азығы бөлінді. Жұмыс малдарын күтімге қою ісі Совет ауданының Киров атындағы (председателі Мүсірәли жолдас), Соколов ауданындағы «Политотдел» (председателі Хазов жолдас), Ленин ауданының Сталин атындағы (председателі Грищенко жолдас) және Петропавл ауданының «Коминтерн» (председателі Миник жолдас) колхоздарында да ойдағыдай жүргізілуде.

Дегенмен, егіске көліктерді әзірлеу жұмысы барлық жерде бірдей емес. Бір қатар аудандар мен колхоздарда күтімнің нашарлығынан, жұмысқа пайдалануда несіздікке жол бергендіктен жұмыс малдарының күйі нашарлаған. Әсіресе Булаев, Октябрь, Приешім, Полудень, Ленин және Соколов аудандарында жұмыс малдарының қоңы нашар. Демек, Булаев ауданының колхоздарында аттардың 45 проценті, өгіздердің 66 проценті жұмысқа жарамсыз. Алайда бұлардың өзі қысқы жұмыстардан босатылып, күтімге қойылмай келеді. Осы сыяқты Приешім ауданында да аттардың 46 проценті және өгіздердің 55 проценті жұмысқа жарамсыз болып қалғандығы анықталды.

Булаев ауданындағы «Красное знамя» колхозында (председателі Михаленко жолдас) аттардың күтіміне және олардың пайдаланылуына немқетті қарау салдарынан жұмыс малдарының күйі кемін,

қотырға айналған. Өткен жылы бұл колхозда күйінің нашарлығынан 32 ат шығып болған еді. Бірақ, бұдан колхоз басшылары қорытынды жасамаған. Жұмыс малдарының жайы Соколов ауданының Ворошилов атындағы және Совет ауданының Ленин атындағы колхоздарында да мақтарлықтай емес.

Облысымызды жалпы алғанда, жұмыс аттарының тең жартысы және өгіздердің 39 проценті қазірдің өзінде жұмысқа жарамай қалғанына қарамастан, олар әлі де жұмысқа пайдаланылып жүр. Бір талай колхоздың басшылары жұмыс малдарын күтімге қою және жұмыс малдарындағы кейбір ауруларды жою жөнінде Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен РК(б)П Орталық Комитетінің «жұмыс малдарын сақтау және оларды көктемгі егіс жұмысына әзірлеу шаралары туралы» қаулысынан тиісті қортынды шығармады. Жұмыс малдарының жайы нашарлап кетуіне бұдан әрі төзуге тіпті болмайды.

Егіс жұмыстарында жұмыс малдарының дұрыс сақталуы олардың бір қалыпты жұмыс істеуі жегу өбзелдерінің сайма-сай болуына байланысты. Алайда, облысымыздың бірсыпыра колхоздарында жегу өбзелдерін жөндеу жұмысы ұмыт қалды. 10 мартқа дейін бар болғаны 6678 жегу өбзелі жөнделіп, 330 жегу өбзелі жаңадан жасалды. Шынында мұның өзі барлық керекті жегу өбзелдерінің үштен екісі ғана.

Көктемгі егістің басталуына санаулы ғана күндер қалды. Ал егіс жұмыстарына бұл сыяқты салдыр-салақ әзірлікпен кірісуге болмайтындығы әр қайсымызға мәлім. Сондықтан осы санаулы күндер ішінде жұмыс малдарының күйін жақсартып оларға жегілетін өбзелдерді толық әзірлейтін болайық. Ол үшін жұмыс малдарын қазірден бастап қысқы жұмыстардан босатып күтімге қою керек.

Көктемгі дала жұмыстарына жұмыс малдарын әзірлеу ісін даурықпалы думанға айналдыруға жұмысқа ішті малдардың пайдаланылуына жол берілмеуге тиіс. Өйткені ішті биелер мен сыйырлар жұмысқа пайдаланылмайды. Бұл жөнінде РК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы жергілікті ұйымдарға ерекше ескертті. Булаев ауданының кейбір басшылары құлындаған биелерден басқа барлық малдарды жұмысқа қосу керек дейтін көрінеді. Бұл дұрыс емес.

Көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуі дағдырын жұмыс малдары шешеді. Олай болса, жұмыс малдарын егіс жұмыстарына әзірлеу ісін жергілікті партия, совет ұйымдары және жер орындары тікелей өз қолдарына алып, бұған қолма-қол басшылық етуге міндетті.

Ш. ҚАБДУНАСОВ,

Облыстың жер бөлімі бастығының орын басары.

ОТАНШЫЛ ӘЙЕЛДЕР

Соколов ауданындағы «Память Ильича» колхозындағы Посечная жолдас басқарған әйелдер советінің мүшелері колхоздың егіске әзірлігіне ойдағыдай көмектесуде. Әйелдер тек екі күнде ғана 3 центнер күл жыйнады, 20 гектар егіс алаңына қар тоқтатты.

Әйелдер советінің мүшелері ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-сай-

мандарын жөндеу, егіс тұқымын әзірлеу, картоф үшін жыйнау және жұмыс малдарын күту жұмыстарында белсене еңбек істеуде.

Отаншыл әйелдер мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізуге күш жұмсауда. Олар бір күнде қыстаулар жанына 1000 центнер пішен жеткізді.

Несіздіктің сыры неде?

Приешім ауданындағы «Зеленая роща» колхозының басшылары жұмыс малдарын көктемгі егіске әзірлеуді бетімен жіберді. Қоңы төмен жұмыс малдарының күтімге қою ісін мүлде естен шығарды. Осының салдарынан колхоздағы 36 жұмыс атының 13 жұмысқа жарамай қалу қаупі туып отыр.

Мұнда жұмыс аттары тұратын қора ұқыпты түрде жабдықталмаған. Аттардың мезгілінде суарылып жемделуі ескерілмеген. Сау аттар мен ауру аттар бірге тұр.

«Красные всходы» колхозында 15 жұмыс аты күтімге қойылуда тиіс еді. Бірақ күні осы уақытқа дейін бұлардың бір де біреуі күтімге қойылмады. Ал аттардың қоңы төмен. Осы сыяқты, «Непобедимый» колхозында 7 ат қазірдің өзінде жұмысқа жарамай қалды.

Бұл аталған колхоздардың председателдері Миронов, Константинов және Панчук жолдастардан «көлік күтімі неге жақсартылмаған» деп сұрасаңыз, олар «Кісі жоқ» дейді. Шынында бұл шындыққа жанаспайды. Өйткені колхозда адам күші жеткілікті, құнарлы мал азығы мол. Бірақ колхоздың икемсіз басшылары сол мүмкіншіліктерді іске ұқсаста алмай келеді.

Жұмыс малдарын көктемге әзірлеудегі бұл сыяқты сорақылықтарға аудан басшыларының немқетті қарауының себебі не? Олар егіс жұмысының табысты өткізілуі жұмыс малдарына байланысты екендігін ұмытқан ба?

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Көктемгі егіске дайын отыр

МАРЬЕВКА. (Өз тілшімізден). «Көңес» колхозында көктемгі егіске дайындық ерте қолға алынды. Егін бригадаларының бригадирлері Исақметов, Смайылов жолдастар ауыл шаруашылық құрал-саймандарының түгелдей ұста дүкенінің қасына жеткізіліп қамтамасыз еткен болатын. Ал, төмір ұстасы Тілегалинов жолдас ертеден кешке дейін дүкенде соқа-саймандарды жөндеумен болды. Соның нәтижесінде қазірдің өзінде 20 соқа, 112 парма, 70 қамыт, 3 тұқым сенкіш, 102 парма сапалы жөнделді.

Бұл колхоздың басшылары (колхоз председателі Ыбыраев жолдас) егіннен мол өнім алу үшін агротехникалық шаралардың маңызы өте зор екенін ескерді.

—Егер егіннен мол өнім алғың келсе, — дейді колхоз егіншісі Жақаев жолдас, — егістік жерге қар тоқтат, тыңайтқыштарды дұрыс қолдана біл. Жақаев жолдас егіншісі басқаруымен 500 гектар жерге үш рет қар тоқтатылды. 60 тонна қар тасылып төгілді. 12 центнер күл, 6 центнер күс қиып жыйналды.

Жоспар бойынша 1013 гектар егіске керекті 1140 центнер тұқым күйіліп, тазаланған болды. Колхоз председателі Ыбыраев жолдаспен әңгімелескенімізде, ол, — егістік жерлерге тыңайтқыш заттарды қолдана отырып, тың жерлерді айырып салса шығымдылығы өте жақсы болады. Біз жыл сайын 100 гектар тың жер қосып отырамыз. Мұның өзі өткен жылдарда астық тапсыру жоспарын орындауымызға үлкен әсер етті, — деді.

Алдың-ала жасалған жұмыс жоспары бойынша, бұл колхоз быйылғы жылы да 140 гектар тың жер айырмақ. Бұл үшін колхоз 35 өгіз бен 10 атты күтімге қой-

Х А Л Ы К А Р А Л Ы К Ш О Л У

Кызыл Армия фашист үңгүрүнүн түкүрүгүнө карай ойдагыдай алга баса отырып, Гитлер насихаты алынбас камал деп мактангычтыкпен мэлмдеген куатты бекініс герд өзін жолында жермен жексен етуде. Совет өскерлерінің соккысы атында германиянын Берлинге таау-маңагы коргану лебінің аса маңызы торабы—Кистинь (Кюстриц) камалы күйреді. Балтык теңізінің жағалауында жаңа «казандар» орнады, буларда немеше он мыңдаган герман солдаттары мен офицерлері қоршалды. Батыс майданда одақтастарымыздың өскерлері атышулы «Энгфрід шебін» ойдагыдай талқандай отырып, бірнеше жерде Рейннен өтті, сөйтін оның шығыс жақ жағалауында өткел аузында біреуітра бекіністер жасады. Батыс Германияның ең ірі қаласы—Кельнді одақтастар өскерлері алды.

Сталин жолдас өзін быылғы 23 февральдағы тарихи бұйрығында: «Немістерді толық жөнетін күн енді жақын» деп жазды. Алайда, Жоғарғы Бас қолбасшы, дұшпанның күшін жете бағаламаушылықтан сақтандыра отырып, күйрейтін жеріне жетіп отырған жау, ауыр жазадан аман қалу үшін, күрестің ең жауыздық және дұрқылық түрлеріне жармасуда және жармаспақ теп ескертті. Сталин жолдас қырағылықты арттырып, жауға сокқыны күшейте түсуге шақырды.

Оқыйға бұл ескертудің елеулі екендігін әрі дәр кезінде болғандығын көрсетеді. Гитлершіл аван өзін кұрылтын күнінің таялғандығын сезін, астыртын әдіске көшіп, күрес жүргізе беру үшін қазірдің өзінде шара қолданып отыр. Осының нәтижесінде ту сыртымыздан зұлымдықпен сокқы беру үшін ол өзін қалрлары мен заттық құралдарын сақтап қалғысы келеді.

Шетел баспасөзінде жарияланған хабарлар гитлершіл қарақшылардың билентестеушілерінің астыртын күрес жүргізу жоспарын әлде қашаннан бері жасап, қайырмышын қайтару жоспарын күні бүрғын ойластырғандығын кеспәттейді. Немістер Сталинград түбінде жеңілгеннен кейін-ақ герман генералы Штильпнагель өзін жазба баяндамасында қалрларды және герман өнер кәсібінің зат қорын сақтау жолымен жүзеге асырылатын қайырмышын қайтару идеясын ұсынған. Ағылшынның радио шолушысы Аллан Белл гитлершілдер Германия мен Австрия шек арасында—Верхтеггаден төңірегіндегі аудандарда астыртын күреске әзірлік жасап жатыр деп жазады. Мұнда қару-жарақ, оқ-дәрі және азық-түлік қоймалары салынған. Тау үңгірлерінде көп адам сытын баспаналар жасалуда. Фашистердің астыртын тобын ұйымдастыру обер-жендет Гиммлерге жүктелген. Шетел баспасөзінде хабар етілгендей, ол қазір құрылып жатқан терроршыл қарақшыларды басқаруға хажетті мөлшерде СС офицерлерін бөлген. Бұл жөнінде, одақтастарға қарсы әрекет жасау үшін «гитлершіл жастар» деп аталатын ұйымнан қарақшылар тобын құру жайында герман радиосы мойындудың ерекше мәні бар.

Мұнымен қатар, гитлершілдер капитал мен бағалы заттарын бейтарап елдерге: Швейцарияға, Испания мен Аргентинаға жөнелтуде. Гитлершіл билек-төстеушілердің қошқопарлары қазір олардың капиталын орналастыруда. Жақын арада ғылшын баспасөзі, халықтан тонап алған мүлкті гитлершілдердің бейтарап елдерге жасыруына жол бермеу жөніндегі одақтас үкметтердің қарарына байланысты, Испанияда герман кәсіп орындарының көпестен «күйзеліске» ұшырай бастағандығын атап көрсетті. Бұл кәсіп орындарының иелері «борышты өтей алмайтын» деп жарияланған. Ал, олардың көсіп орындары құлдыран, оларды испандар тіпті арзан бағаға сатып алуда. Сонымен, кәсіп орындарының несі өзгерген.

«Йоркшир пост» газеті өздерінің өнер кәсібін сақтап қалу үшін немістердің қазіргі уақытта барлық амал-айланы қолдануға тырысқандығын мэлмдеп отыр. Мәселен «Германиядан Швецияға, кейбір ретте Швейцарияға патент ауыстыру арқылы капиталды жасыру» жөнінде болып отыр. Газет өзіне қарағанда, қазіргі кезде бұл мейлінше етек алған көрінеді. Германия «басқа елдерде түрлі бұйымдар өндіру жөнінде өнеркәсіптің ең негізгі тарауларына бақылау жасауға бұл патенттерді пайдалану үшін өте тездікпен қолайлы жағдай таба алады» деп ескертуді газет.

Қырым конференциясының қарары негізінде, мекені Москва болып белгіленіп, Германияға шығын төлеттіру жөнінде құрылған одақтастар комиссиясының немістердің өз капиталын жасыру, бүркемелеу, оны бейтарап елдерде тығып сақтау жөніндегі әрекетінің бәрін есепке алатындығы күмәнсіз.

Фашистердің құйыршықтарын қай жерде болса да жою міндеті Қырым конференциясының қарары бойынша күн тәртібіне қойылды. Бірақ, бүркемеленген жауға қарсы күрес барлық жерде бірдей тиісті дәрежеде белсенділікпен жүргізілмей отыр, бұған Италия мысал бола алады. Соңғы кезде бұл елде фашистердің әрекеті тіпті етеу алды. Бұл бүліншілік әрекеттің шектен шыққандығы сондай, тіпті сот астында отырған фашистік соғыс барлаушының бастығы генерал Роатта ден саулығын түзету үшін «қайырымды» судьялар жіберген госпитальдан өкмет орындарының көз алдында қашып кеткен. Генерал Роатта—сансыз көп террорлық әрекеттерге дем берушілердің және ұйымдастырушылардың бірі. Ол фашистерге қарсы шыққан ағайынды Росселлиді өлтірген жөндет, албандардың жас жауы және югослав халқына қуғын-сүргін жасаған сұрқы, ол сан мыңдаған партизандарды қырып-жоюға қанішер. Аз уақыттық сот мәжілісінен кейін дарға асылу орнына, Роатта құтылып кетті. Судьялар мен прокурор бұл баскесердің қаншалық айыпты екендігін нешеме айлар бойына талқыға салды, шынында айғақты алыстан іздемесе де болатын еді. Қанішерлік әрекеті жұрттың бәріне ойгілі болған жерде соттау үшін Роаттаны Югославияға жөнелтуді Югославия үкметі Италия үкметіне ұсынған болатын. Осылай істеу орнына, генерал Роаттаның қашып кетуіне мүмкіндік берілген. Оны іздестіруден осы уақытқа дейін еш бір нәтиже шықпаған. Ал, сот Роаттаға «өмір бойына тұтқында отыруға» сырттан үкім шығарған.

Фашистер бұған риза болғандықтан қазір маз-мәйрам болып отыр. Олар қазірдің өзінде-ақ Римде өздерінің отрядтарын құруда. Жақын арада мұнда фашистік-республикашыл астыртын партияның 35 мүшесі тұтқынға алынған. Олардан қару-жарақ, фашистердің киімдері, газет қалғанының едәуір қоры табылған. Фашистердің жүгенсіз кеткендігі сондай, тіпті олар өздерінің журналы да шығарған. Италия баспасөзінің жазуы бойынша, февральдың бас кезінде Муссолинидің арнаулы өкілі—«қара көйлектілер милициясы» деп аталатын милицияның генерал-лейтенанты Брандимарта Римге келген, ол фашистердің астыртын ұйымына жөн-жоба берген. Фашистердің әрекетіне және ең басты соғыс қылмышысының қашып кетуіне қатты ызаланған Италия астанасының еңбекшілері қарсылық білдіріп, жылын жасаған, бұған 50 мыңнан аса адам қатысқан. Алайда, жыйынға қатысушыларға жандармерия оқ атқан.

Мұның бәрі демократияшыл партиялар мен ұйымдардың қатты қарсылық білдіруін туғызбай қойған жоқ. Бопомн үкметінің бұдан былайғы тағдыры көбінесе бұл партиялардың фашистерге қарсы кү-

ресте сенімді және тиімді шаралар қолдану туралы талабын орындай білуіне байланысты.

Үстіміздегі жылдың 8—9 мартында Румынияның бас-министрі Петре Гроза мен СССР Халық Комиссарлары Советінің Председатели И. В. Сталин арбсында Трансильвания мәселесі туралы өзара хат алысу болды. Румыния үкметі Солтүстік Трансильванияда румын әкімшілігін орнату туралы СССР үкметіне тілек қойды. Кызыл Армияның Солтүстік Трансильваниядан неміс-венгр өскерлерін қуып шығарғандығы жұртқа мөлм. Алайда, неміс-фашист агенттері мұнда қыргын-сүргін ұйымдастыра бастаған. Ең алдымен ұлтшыл-паранистер партиясына асығыс түрде алынған темір гвардияшы-фашистерден құралған «Манну» атындағы еріктілер деп аталатын отрядтар венгр халқына тап берген. Қарақшылар тікелей Кызыл Армия бөлімдерінің тылында жауыздық істеуден тартынбаған. Румынияның бұрынғы үкметі Солтүстік Трансильванияда тәртіп сақтау үшін шара қолданбады, сондықтан Совет Бас командованиесі ол кезде Трансильванияны басқаруды румын өкмет орындарының қолына беруді мүмкін деп ташпаған болатын.

Румынияның жаңа үкметі қазіргі күнде Трансильвания жерінде тиісті тәртіп және тыныштық сақталуын өз міндетіне алатындығына, сол сыяқты майдан хажетін өтейтін жергілікті жердегі барлық мекемелердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге сенім берді. Совет үкметі бұл сенімді еске алып, Румыния үкметінің тілегін орындады. Қазір бүкіл елде болып жатқан митингтерде румын халқы ұлы адамгершілік жасап, сенім білдіргені үшін Советтер Одағы мен Сталин жолдасқа қуанышпен шын жүректен алғыс айтуда. «Біз,—деп мэлмдеді өзін сөзінде Румынияның бас-министрі Петре Гроза,—азат, демократияшыл Румынияның барлық азаматтардың, оны мекеп еткен барлық халықтардың отаны болудың тілейміз». Трансильванияны румын халқының қолына беру СССР мен Румыния арасында достық қарым-қатынасты нығайту ісіне әсер ететіндігіне күмән жоқ.

Ескі мақад: «Юнтер кімді жазалағысы келсе, оны ақылынан адастырар» дейді. Бұл мақалды испан фашистеріне де әбден қолдануға болады. Совет-герман майданына «Жасыл дивизия» деп аталған сойқаншыларын жіберіп, кейде «біз Европаны сақтаймыз» деп мақтаған Гитлердің барлық авантюристік әрекетінде оның тікелей көмекші болған испан фашистері қазіргі уақытта, Сан-Францискода болатын конференцияға қатысқысы келіп дәмеленіп отыр. Олар соғыстан кейін жер шарының бейбітшілігін ұйымдастыру тағдырын шешуге өздеріне мүмкіншілік беріледі деп есептейтін көрінеді. Испан фашистерінің есуастығы сондай, тіпті олар фашистік Испанияның «дүние жүзілік тәртіп» негізін қалау ісіне қатысуына пұрсат беретін қайдағы бір «тарихи еңбегі» жөнінде айтып жүр. Фашистік «Эль-Эспаноль» газеті жақын арада міне осындай талап қойды.

Испан фашистерінің амал-айласы ешкімді де адастыра алмайды.

Л. ЯНОВЛЕВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 18 март. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы өскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: одақтастардың Рейндегі өткел аузындағы бекінісінің ұзақтығы шамамен айтқанда қазіргі уақытта 22,5 километрге, ені 12 километрге жетті. Одақтастар өскерлері Иттенбах пен Хюшейдке жетті.

Өткел аузындағы бекіністің орталық және оңтүстік бөлегінде 5 қала, оның ішінде Кобленц алынды. Шығыс және оңтүстік-шығыс бағытта шабуыл жасаушы одақтастардың жаяу өскер бөлімдері 9,6 километрлік ұзаскеде Рейнге жетіп, Гоппатка аяқ басты. Танк отрядтары жаудың әлсіз қарсылығын жеңе отырып, Наэ өзеніне жетті. Танктердің ізінше келе жатқан жаяу өскерлер бірнеше қаланы алды.

Трирдің оңтүстік-шығыс жағында одақтастар өскерлері Томманы және Саарбрюккнің оңтүстік-шығыс жағында 5 қаланы алды. Одақтастар өскерлері Римлингенге жетті.

Саарбрюккен ауданында одақтастар өскерлері Рейн бағытында шамамен алғанда 11 километр алға басып, Энгфрід шептеріне жетті, сөйтін оның сыртқы қабаттағы қорғану бекіністеріне өтті. Алынған қалалардың ішінде Нидервюрцбах қаласы (Боварияда) бар. Бұл қала Саарбрюккеннің шығыс жағында шамамен айтқанда 14 километр жерде. Мұның шығыс жағында Энгфрід шептерінің алдыңғы бетінде Биштин (Германияда) солтүстік-батыс жағында 10 километр жердегі Хорихах және Дитрихлинген қалалары мен Рольбинген (Лотарингияда) алынды. Рейн секторында одақтастар өскерлері Ширгейнде (Төменгі Эльзаста) ұрыстар жүргізіп жатыр.

Одақтастар авиациясының Берлинге шабуылы

ЛОНДОН, 18. март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 18 мартта Америка авиациясы күндіз Берлинге ірі шабуыл жасаған. Шабуылға 1300 «Ушущи камал» және «Либерейтор» бомбашылары мен 700 «Мустанг» истребительдері қатысқан. Қаладағы тасымал орындары және өнеркәсіп аудандарындағы соғыс заводтары бомбаланған.

Шабуыл бір сағаттан аса уақытқа созылған және әрбір секунд сайын қалаға бір тоннадай бомбалар тасталған. Барлығы қалаға 3000 тоннадан аса өртегіш және қыйратқыш бомба тасталған.

Болгария халық сотының үкімі

СОФИЯ, 18 март. (ТАСС). Болгария телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 15 мартта гитлершіл саясат жүргізу және Болгария отанышдарын құдалап қыргынға ұшырату жөнінде айыпталған бір топ өскері адамдарға қарсы құрылған сот мәжілісі аяқталды.

Жоғарғы халық соты Болгария бас штабының бұрынғы бастықтары Трифионов пен Лукашты, генералдар Димитровты, Каровты, Накровты, Николаевты және басқа бірсыпыра генералдарды, полковниктерді, подполковниктерді, сол сыяқты бас штаптың будан басқа да 10 мүшесін өлім жазасына кесу жөнінде үкім шығарды.

«Болгария әге соғыс күштерінің бұрынғы қолбасшысы генерал Айряков, генерал Шидков және басқа 23 офицер өмір бойына тұтқында болып жұмыс істеуге кесілді. 8 офицер мен бір солдатқа 10 жыл бойына тұтқында болып жұмыс істеу жөнінде үкім шығарылды. Генерал Петков және басқа 25 офицер ақталып шықты.

Сотталғандардың мүлкі конфисқаланып, мемлекет пайдасына алынды.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

Станция дежурныйларын, вагон бақылаушыларды, көмекші машинашыларды дайындайтын курстарға оқушылар қабылданады. Курстарға 7 клас көлемінде білімі бар, 16 жасан жоғарғы азаматтар қабылданады. Станция дежурныйларының оқу мерзімі 8 ай, вагон бақылаушылардың оқу мерзімі 6 ай. Оқушыларға айына 200 сом стипендия беріледі және олар 1-дәреже бойынша азық-түлік карточкаларымен қамтамасыз етіледі.

Адрес: Петропавл станциясы, № 2 темір жол мектебінің алаңы, № 3 барак. Техникалық мектеп. Телефон № 130.

Петропавлдағы мұғалімдер училищесінің сырттан оқу бөлімі бастауыш мектептерге мұғалімдер дайындайтын мектеп бөліміне оқушылар қабылдайды. Сырттан оқу бөлімінде өндірістен қол үзбей оқуға болады. Оқуға 7 клас көлемінде білімі бар ер, әйел азаматтар қабылданады.

Адрес: Петропавл қаласы, Коммунист көшесі 76-үй.

ДИРЕКЦИЯ

Арак-шарап заводьына түкпілді жұмысқа қолданылар керек.

Адрес: Әскери қала, арак-шарап заводьы. ДИРЕКЦИЯ.